

No. 54914*

**Turkmenistan
and
Kazakhstan**

Agreement between the Government of Turkmenistan and the Government of the Republic of Kazakhstan on the Joint Intergovernmental Commission on trade, economic, scientific, technical and cultural cooperation. Astana, 18 April 2017

Entry into force: 18 April 2017 by signature, in accordance with article 10

Authentic texts: Kazakh, Russian and Turkmen

Registration with the Secretariat of the United Nations: Turkmenistan, 1 January 2018

**No UNTS volume number has yet been determined for this record. The Text(s) reproduced below, if attached, are the authentic texts of the agreement /action attachment as submitted for registration and publication to the Secretariat. For ease of reference they were sequentially paginated. Translations, if attached, are not final and are provided for information only.*

**Turkménistan
et
Kazakhstan**

Accord entre le Gouvernement du Turkménistan et le Gouvernement de la République du Kazakhstan relatif à la Commission intergouvernementale mixte pour le commerce, la coopération économique, scientifique, technique et culturelle. Astana, 18 avril 2017

Entrée en vigueur : 18 avril 2017 par signature, conformément à l'article 10

Textes authentiques : kazakh, russe et turkmène

Enregistrement auprès du Secrétariat de l'Organisation des Nations Unies : Turkménistan, 1^{er} janvier 2018

**Aucun numéro de volume n'a encore été attribué à ce dossier. Les textes disponibles qui sont reproduits ci-dessous sont les textes originaux de l'accord ou de l'action tels que soumis pour enregistrement. Par souci de clarté, leurs pages ont été numérotées. Les traductions qui accompagnent ces textes ne sont pas définitives et sont fournies uniquement à titre d'information.*

[KAZAKH TEXT – TEXTE KAZAKH]

**Түрікменстан Үкіметі мен Қазақстан Республикасының
Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық, ғылыми-
техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен
үкіметаралық комиссия туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Түрікменстан Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі,

1993 жылғы 19 мамырдағы Түрікменстан мен Қазақстан Республикасы арасындағы достық қатынастар және ынтымақтастық туралы шарттың, сондай-ақ 1997 жылғы 27 ақпандағы Түрікменстан мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияның негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып,

1999 жылғы 9 сәуірдегі Түрікменстанның Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссияны құру туралы келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты,

Тараптар мемлекеттерінің арасындағы достық қатынастарды одан әрі нығайту мақсатында,

тең құқықтық, тату көршілік, өзара пайда қағидаттарының және халықаралық құқық нормаларының негізінде екіжақты сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияны (бұдан әрі Комиссия деп аталады) құрады.

Осы баптың бірінші абзацында аталған Комиссия Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Түрікмен-Қазақстан үкіметаралық комиссиясының барлық уағдаластықтарының, сондай-ақ құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Түрікмен-Қазақстан үкіметаралық комиссиясы осы баптың бірінші абзацында аталған Комиссияның құрылған күніне қарай өз қызметін тоқтатады.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Түрікмен-Қазақстан үкіметаралық комиссиясының барлық отырыстарының хаттамалары бойынша уағдаластықтары өз күшінде қалады.

2-бап

Комиссияның негізгі міндеттері:

- сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі екіжақты құжаттардың жобаларын дайындау мәселелері бойынша Тараптар мемлекеттерінің министрліктері, ведомстволары мен ұйымдарының қызметін үйлестіру;

- Тараптар мемлекеттерінің арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамытуға ықпал ету;

- Комиссия отырыстарында қабылданған шешімдерді қоса алғанда, Түрікменстан мен Қазақстан Республикасы арасында жасалған халықаралық шарттардың және өзге де екіжақты уағдаластықтардың орындалу барысына мониторинг;

- екіжақты қатынастарды одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар енгізуі;

- Тараптар мемлекеттерінің арасында қолайлы инвестициялық ахуал жасау;

- сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық бағдарламаларын дайындау және келісу, сондай-ақ оларды жүзеге асыру бойынша келісілген шараларды әзірлеу болып табылады.

3-бап

Комиссия екі ұлттық бөліктен тұрады: түрікмен және қазақстандық.

Әрбір Тарап өзінің заңнамасына сәйкес Комиссияның тиісті ұлттық бөлігінің төрағасын (бұдан әрі – тең төраға), жауапты хатшысын және Комиссия мүшелерін тағайындайды.

Комиссия қажет болған жағдайда, екіжақты ынтымақтастықтың сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени бағыттары бойынша кіші комиссиялар мен жұмыс топтарын (бұдан әрі – жұмыс органдары) құруы мүмкін, олар өз қызметін комиссия басшылығымен жүзеге асырады.

4-бап

Комиссия отырысы кезекпен Түрікменстанда және Қазақстан Республикасында жыл сайынғы негізде өткізіледі.

Комиссияның кезекті отырысының күн тәртібі Тараптар арасында Комиссияның кезекті отырысына дейін кемінде бір ай бұрын алдын ала келісіледі.

Қажет болған жағдайда, Тараптардың өзара уағдаластықтары бойынша кезектен тыс отырыстар, тең төрағалардың кездесулері мен жұмыс органдарының отырыстары өткізіледі.

Әрбір тарап Комиссия отырысына мамандардың не сарапшылардың қажетті санын тартуы мүмкін.

5-бап

Комиссия шешімдері Комиссия отырыстарының хаттамаларымен ресімделеді және Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысында белгіленген рәсімдерге сәйкес орындалады.

Комиссияның отырыстары және оның құжаттарын дайындау орыс тілінде жүргізіледі.

Комиссия отырыстарының хаттамалары түрікмен, қазақ және орыс тілдерінде ресімделеді.

6-бап

Комиссия отырыстарын ақпараттық қамтамасыз ету, материалдар мен құжаттар дайындау, отырыстар хаттамаларын ресімдеу, жұмыс органдарының қызметін үйлестіру, қабылданған шешімдердің іске асырылуын бақылау, сондай-ақ Комиссия жұмысын қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру сипатындағы басқа да міндеттер Комиссияның ұлттық бөлігінің жауапты хатшыларына жүктеледі.

Комиссияның жауапты хатшылары өз міндеттерін орындау үшін өзара жұмыс байланысында болады әрі қажет болған жағдайда, Комиссия отырыстарының арасында кездесулер өткізеді.

7-бап

Комиссия мүшелерінің және делегациялардың Комиссия отырыстарына, тең төрағалардың кездесулеріне, жұмыс органдарының отырыстарына қатысуына байланысты шығыстар жіберуші Тарап қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Комиссия отырыстарын, тең төрағалардың кездесулерін, жұмыс органдарының отырыстарын өткізуге байланысты шығыстар аумағында осы іс-шаралар өткізілетін мемлекет Тарапының қаражаты есебінен қаржыландырылады.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешілетін болады.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және бес жыл бойы қолданылатын болады. Егер Тараптардың ешқайсысы екінші Тарапқа кезекті бес жылдық кезеңнің аяқталуына дейін алты ай бұрын оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабарламаса, бес жылдық мерзім өткен соң ол автоматты түрде келесі бес жылдық кезеңге ұзартылады.